



Облыстық кітапханаға = 55 жыл!

Биыл Арқалық қаласы үшін мерейлі мерейтойлар мен атаулы күндерге толы жыл. Соның бірі - Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының құрылғанына 55 жыл толып отыр.

Боксит кенінен басталған тарих

Торғай облысы мен Арқалық қаласының тарихымен тығыз байланысты. Арқалық қаласының іргетасы ресми түрде 1956 жылы мамыр айында қаланды. Қаланың салынуына осы өлкеден мол қазына, боксит кенінің табылуы себеп болды. Торғай облысы құрылды. Осыған орай жаңа облыста музей, кітапхана, мұрағат секілді мәдениет ошақтары құрыла бастады.

ды. Аудандық, ауылдық кітапханаларға әдістемелік көмектер көрсете бастады.

Жарты ғасырлық белес: 3 мыңнан 280 мың кітапқа дейін

Жүйелі түрде жүргізілген жұмыстың нәтижесінде кітап қоры едәуір ұлғайды. Ең бастапқыда кітап қоры 3,5 мың кітап болса, арада екі жыл өткенде-ақ, 1973 жылы

деген атаумен өткен кездесу кешіне кітапхананың үш буын ұрпағы өкілдері қатысты. Көп жылдар бойы облыстық №2 әмбебап-ғылыми кітапханасында Өнер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен, «Кітапхана ісінің үздігі», «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» - Әубәкірова Әлия Қарсақбайқызы, Балалар бөлімінің меңгерушісі, «Кітапхана ісінің үздігі», «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» - Есмағамбетова Сандуғаш Қазбекқызы, Өнер бөлімінің меңгерушісінің міндетін атқарушы - Сейтмағамбетова Сымбат Азаматқызымен өткен сұхбатқа кітапхана басшысы - Сәуле Ахметқызы, Арқалық қаласы әкімдігінің тілдерді дамыту орта-

Екі бөлмелі пәтердегі алғашқы қадам

Қазақ КСР-нің Министрлер кеңесінің 1970 жылғы 30 желтоқсан күнгі қаулысымен Торғай облыстық мәдениет басқармасында Торғай облыстық және облыстық балалар кітапханасының құрылуына рұқсат берілді. 1971 жылы 27 қаңтар күні облыстық кітапхана ашылды. Алғашқы директоры болып – Ленинградтағы мәдениет институтының түлегі Александра Ивановна Шишкалова тағайындалды. Алғаш ашылған кітапхана ғимараты Р.Маясова көшесіндегі 2 бөлмелі ғана пәтерде орналасқан еді. Кітапхананың алғашқы жылдары кітап қорын қинау, каталогтар мен картотекалар құру секілді негізгі жұмыстар атқарылып, оқырманға қызмет көрсету сонан кейін ғана барып қолға алынды. Алғашқы уақытта кітапхана ғылыми-әдістемелік бөлім, әдебиетті толықтыру бөлімі, абонемент, анықтама-библиография секілді бірнеше бөлімнен тұр-

17 313 дана кітап болды. осы 1973 жылы кітапхананың абонемент бөлімі оқырмандарға қызмет көрсете бастады. Абонемент бөлімі ашылған жылы 400 оқырман болса, арада жарты ғасыр өткенде облыстық кітапхана 15 мыңнан астам оқырманы бар, іргелі мәдениет ошағына айналып отыр. Осы аралықта кітапхана бірнеше ғимаратқа ауыстырылды, қанша басшылар, қанша кітапхана ісінің үздіктері қызмет атқарды. Қазір оның барлығы қала тарихының жарқын беттері болып қалды. 280 мыңнан астам кітап қоры бар. Кітапхана қоры жыл сайын 100-ден аса мерзімді басылыммен, 2000-нан аса жаңа әдебиеттермен толығып отырады.

«Руханият ордасы»: Үш буынның кездесуі

Облыстық №2 әмбебап-ғылыми кітапханасының 55 жылдық мерейтойына арналған алғашқы іс-шара Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайында өткізілді. «Руханият ордасы»

лығының басшысы – Алмагүл Сейтжанқызы, ардагер кітапханашы – Зайра Сансызбайқызы, «Қостанай таңы» газетінің Арқалық қаласындағы меншікті тілшісі – Мұрат Жүнісұлы құрметті гонақ ретінде қатысты.

Кеш барысында жарты ғасырдан астам тарихы бар облыстық кітапхананың тарихына қатысты деректер айтылып, үш буынның өкілдері өздерінің осы ұжымдағы қызметтері, ерекше естеліктерімен есте қалған қызықты оқиғалары жайлы мәліметтермен бөлісті. Кеш соңында дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының басшысы Рауан Абдуллажанұлы келген қонақтары мен көрермендерге алғысын білдіріп, мерейтой иелері облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапхана ұжымына құттықтау хат пен естелік сыйлық табыстады. Және де арнайы шақырылған меймандарға сый-сияпаттар табыс етілді.

**Ақбота
АЛДАМЖАРОВА,
Дала өлкесі тарихы
облыстық мұражайының
экскурсия жетекшісі**